

МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
 ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АЛМАТЫ  
 УПРАВЛЕНИЕ ЮСТИЦИИ МЕДЕУ РАЙОНА

1016 ж. 29. 01 заңды  
 Тура, мемлекеттік тіркелуден қайта өткізілді  
 № 36369-1910-10 куәлік

Алғашы тіркелген күні 2000 ж. 20. 11  
 МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
 ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АЛМАТЫ  
 УПРАВЛЕНИЕ ЮСТИЦИИ МЕДЕУСКОГО РАЙОНА  
 произведена государственная перерегистрация

юридического лица 29. 01 20 16 с.

свидетельство № 36369-1910-10

Дата первичной регистрации 20. 11 20 00 г.  
 БСНБИН 001140005668

## «INVESTMENT ASTANA GROUP» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ ЖАРҒЫСЫ

БЕКІТІЛДІ  
 «БТА Банк» акционерлік қоғамының еншілес ұйымы  
 «БТА Ипотека» акционерлік қоғамының  
 жалғыз акционерінің  
 2016 жылғы «25» қаңтар № 06  
 шешімімен

Қазақстан Республикасы  
 Алматы қаласы

## 1-бап Жалпы ережелер

1.1. «Investment Astana Group» (әрі қарай – «Қоғам» деп аталатын) акционерлік қоғамының осы Жарғысы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңына, Қазақстан Республикасының «Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы» заңына және Қазақстан Республикасының өзге нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленген.

1.2. Қоғамның осы Жарғысы оның атауын, атқарушы органның (Президенттің) орналасқан жерін, оның органдарының қалыптасу тәртібін және құзыреттерін, оның қызметін қайта құру және тоқтату шарттарын және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа да ережелерді анықтайды.

1.3. Қоғамның толық атауы:

- 1) мемлекеттік тілде: **«Investment Astana Group» акционерлік қоғамы;**
- 2) орыс тілінде: **акционерное общество «Investment Astana Group»;**
- 3) ағылшын тілінде: **«Investment Astana Group» joint stock company.**

Қоғамның қысқартылған атауы:

- 1) мемлекеттік тілде: **«Investment Astana Group» АҚ;**
- 2) орыс тілінде: **АО «Investment Astana Group»;**
- 3) ағылшын тілінде: **«Investment Astana Group» JSC.**

1.4. Қоғамның атқарушы органы (Президенті) орналасқан жері:

Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, 050000, Достық даңғылы, 85-А үйі.

1.5. Қоғам шектеусіз мерзімге құрылған.

## 2-бап. Қоғамның заңды мәртебесі

2.1. Қоғам Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес заңды тұлға болып табылады және өзінің қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасы, осы Жарғы және Қоғамның ішкі құжаттары негізінде жүзеге асырады.

2.2. Қоғамның ұйымдық-құқықтық нысаны: акционерлік қоғам.

2.3. Қоғам мемлекет және Қоғам акционерлерінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Мемлекет Қоғам және оның акционерлерінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Қоғам өз міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі мүлік шегінде жауап береді.

2.4. Қоғам дараланған мүлікті иеленеді, оның дербес балансы, өзінің атауы көрсетілген мөрі болады, өзінің атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар мен міндеттерді иеленеді және жүзеге асырады; сотта талапкер және жауапкер ретінде әрекет етеді, сонымен қатар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін басқа да әрекеттерді жүзеге асырады.

2.5. Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметі мүліктік, экономикалық және қаржылық дербестілігі негізінде жүзеге асырылады.

2.6. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіпте, Қоғам өзінің орналасқан мекен-жайынан тысқары жерлерде заңды тұлға болып табылмайтын, Қоғам атынан және Қоғам тапсырмасы бойынша олар туралы Ережелер негізінде әрекет ететін өз филиалдарын және өкілдіктерін құруға құқылы.

## 3-бап. Қоғам қызметінің мақсаттары және мәні

3.1. Қоғам қызметінің негізгі мақсаты заңды және жеке тұлғаларға қызмет көрсету арқылы табыстар алу болып табылады.

3.2. Қоғамның қызметінің негізгі түрлері болып табылады:

- 1) несие қоржынын басқару мен қызмет көрсету, соның ішінде қайта құрылымдау мен қайта қаржыландыру;
- 2) лизингтік қызмет;
- 3) жылжымайтын мүлікті жалға беру;
- 4) Қоғамның жеке меншік мүлігін өткізу;
- 5) жылжымайтын және жылжитын мүлікті сақтау бойынша қызмет көрсету;
- 6) мүлік пен талап ету құқықтарын сенімгерлік басқару;
- 7) қарыздар беру.

3.3. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасымен рұқсат етілген өзге де қызмет түрлерін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген шарттар мен тәртіпте жүзеге асыруға құқылы.

#### **4-бап.**

##### **Қоғамның жарғылық капиталы және мүлкі**

4.1. Қоғамның Жарғылық капиталы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпті сақтай отырып қалыптастырылады және Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен көрсетіледі.

4.2. Қоғамның жарғылық капиталының мөлшерін өзгерту Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады.

4.3. Қоғамның мүлкі, сонымен қатар ол құратын филиалдарының және өкілдіктерінің мүлкі оған меншік құқығында тиесілі және олар мыналардың есебінен қалыптасады:

- Жарғылық капиталды құру кезінде Қоғаммен алынған акшалар;
- Қоғам қызметінен түскен табыстар;
- Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған негіздер бойынша иеленген өзге мүлік және мүліктік құқықтар.

#### **5-бап.**

##### **Қоғамның кірістері. Қоғамның резервтік капиталы және басқа қорлары**

5.1. Қоғам қызметінің нәтижесінде алынатын табыстар салықтарды және бюджетке төленетін басқа міндетті төлемдерді төлегеннен кейін Қоғамның меншігінде қалады және Резервтік капиталды, Қоғамның өзге қорларын толтыру, акциялар бойынша дивидендтер төлеу үшін пайдаланылады, сонымен қатар Қоғамды дамыту үшін немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғам Жарғысына сәйкес акционерлер Жалпы жиналысының шешімімен қарастырылған өзге мақсаттарға бағытталады.

5.2. Қоғам:

- Резервтік капиталды;
- Қоғамның тиімді қызметі үшін қажетті басқа мақсатты және арнайы қорларды қалыптастырады.

5.3. Қоғамның Резервтік капиталы Қоғам акционерлерінің Жалпы жиналысының шешімі бойынша Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген тәртіпте жай акциялар бойынша дивидендтерді төлегенге дейін таза табыстың есебінен құралады және шығындарды жабу үшін пайдаланылады.

5.4. Қоғамның Резервтік капиталының мөлшері акционерлердің Жалпы жиналысының шешімімен анықталады және ол Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген ең төмен мөлшерден кем болмауы тиіс.

5.5. Резервтік капиталды, басқа мақсатты және арнайы қорларды қалыптастырудың және пайдаланудың тәртібі Қоғамның Директорлар кеңесімен бекітілетін Қоғамның ішкі

құжаттарымен анықталады. Қоғам қорларына билік ету Қоғамның бекітілген Ережелеріне сәйкес Қоғамның атқарушы органының (Президенттің) құзыретіне кіреді.

#### 6-бап.

### Қоғамның акциялары және басқа бағалы қағаздары

6.1. Қоғам жай акцияларды шығарады.

6.2. Қоғам басқа да бағалы қағаздар шығаруға құқылы, оларды шығару, орналастыру, айналысқа салу және өтеу шарттары және тәртібі Қазақстан Республикасының бағалы қағаздардың нарығы туралы заңнамасымен белгіленеді.

Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айырбасталымды құнды қағаздарды шығаруға құқылы.

Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қоғамның бір түрдегі орналастырылған акцияларын Қоғамның басқа түрдегі акцияларына айырбастауды жүзеге асыруға құқылы.

6.3. Акциялар құжатсыз нысанда шығарылады.

6.4. Акция бөлінбейді. Егер акция ортақ меншік құқығымен бірнеше тұлғаға тиесілі болса, онда олардың барлығы бір акционер деп танылады және өзінің жалпы өкілі арқылы акциямен куәландырылған құқықтарды пайдаланады.

6.5. Қоғамның жай акциясы дауыс беруге енгізілетін барлық мәселелерді шешкен кезде акционерге дауыс беру құқығымен акционерлердің жалпы жиналысына қатысу құқығын, қоғамда таза табыс болған жағдайда дивидендтер, сондай-ақ қоғам таратылған жағдайда Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен оның мүлкінің бір бөлігін алу құқығын береді. 6.6. Қоғамның акциялары бойынша дивидендтер Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысында Қоғамның дауыс беретін акцияларының жай көпшілігімен дивидендтер төлеу туралы шешім қабылданған жағдайда ақшалай немесе Қоғамның бағалы қағаздарымен төленеді.

Қоғамның акциялары бойынша оның бағалы қағаздарымен дивидендтер төлеуге акционердің жазбаша келісімі болған кезде осындай төлем қоғамның жарияланған акцияларымен және ол шығарған облигациялармен жүзеге асырылатын жағдайда ғана жол беріледі.

Дивидендтер алуға құқылы акционерлердің тізімі дивидендтерді төлеу басталатын күннің алдындағы күні жасалуға тиіс.

6.7. Қоғамның акциялары бойынша дивидендтер жылдық қорытынды бойынша төленеді.

6.8. Қоғамның акциялары бойынша дивидендтерді төлеу төлем агенті арқылы жүргізілуі мүмкін. Төлем агентінің қызметтері Қоғам есебінен төленеді.

6.9. Орналастырылмаған немесе Қоғамның өзімен сатып алынған акциялар бойынша, сонымен қатар сотпен немесе Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысымен Қоғамды тарату туралы шешім қабылданса дивидендтер есептелмейді және төленбейді.

6.10. Қоғамның жай акциялары бойынша:

1) өз капиталының теріс мөлшері болған жағдайда немесе егер Қоғамның өз капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде теріс болса;

2) егер Қоғам Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасына сәйкес төлем қабілетсіздігі немесе дәрменсіздік сипаттарына сай келсе не болмаса аталған белгілер Қоғамда оның акциялары бойынша дивидендтер төлеу нәтижесінде туындалса, Дивидендтерді есепке жазуға жол берілмейді.

6.11. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім жылдық қорытынды бойынша Акционерлердің жылдық жалпы жиналысымен қабылданады.

6.12. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңымен белгіленген мәліметтерді қамтуы тиіс.

## 7-бап.

### Қоғам акционерлерінің құқықтары және міндеттері

#### 7.1. Қоғам акционері құқылы:

- 1) Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңымен және (немесе) Қоғамның осы Жарғысымен карастырылған тәртіпте Қоғамды басқаруға қатысуға;
- 2) дивидендтер алуға;
- 3) Қоғам қызметі жайлы ақпараттарды алу, сонымен қатар акционерлердің Жалпы жиналысымен немесе Қоғам жарғысымен анықталған тәртіпте Қоғамның қаржы есептілігімен танысуға;
- 4) Қоғамның тіркеушісінен немесе номиналды ұстаушыдан оның бағалы қағаздарға қатысты меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелерді алуға;
- 5) Қоғам акционерлерінің Жалпы жиналысына Қоғамның Директорлар кеңесіне сайлау үшін кандидатураларды ұсынуға;
- 6) сот тәртібінде Қоғам органдарымен қабылданған шешімдерді даулауға;
- 7) Қоғамның дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайызын дербес немесе басқа акционерлермен жинақтап алғанда иеленген кезде, Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңында көзделген жағдайларда, өз атынан сот органдарына Қоғамның лауазымды адамдарының Қоғамға келтірілген залалдарды қоғамға өтеуі және қоғамның лауазымды адамдарының және (немесе) олардың аффилирленген тұлғаларының ірі мәмілелер және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелер жасасу (жасасуға ұсыныс) туралы шешім қабылдау нәтижесінде алған пайданы (табысты) қоғамға қайтаруы туралы талаппен жүгінуге;
- 8) Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сұрау салуға және Қоғамға сұрау салу келіп түскен күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде дәлелді жауаптар алуға;
- 9) қоғам таратылған кезде мүліктің бір бөлігіне;
- 10) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңында белгіленген тәртіппен өз акцияларына айырбасталатын қоғамның акцияларын немесе басқа да бағалы қағаздарын артықшылықпен сатып алуға;
- 11) Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңында көзделген тәртіпте акционерлердің Жалпы жиналысымен Қоғамның акциялар санын өзгерту немесе олардың түрін өзгерту туралы шешімді қабылдауға қатысуға.

#### 7.2. Қоғамның ірі акционері сондай-ақ:

- 1) Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруды талап ету немесе егер Директорлар кеңесі Акционерлердің жалпы жиналысын шақырудан бас тартқан жағдайда оны шақыру туралы талаппен сотқа жүгінуге;
- 2) Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына сәйкес Қоғамның Директорлар кеңесіне Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша мәселелерді енгізуді ұсынуға;
- 3) Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;
- 4) аудиторлық ұйымнан өз есебінен Қоғамның аудитін өткізуді талап етуге құқылы.

#### 7.3. Қоғам Акционері :

- 1) акцияларды төлеуге;
- 2) осы акционерге тиесілі акцияларды Қоғамның тіркеушісіне және нақтылы ұстаушыға қоғамның акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізуге қажетті мәліметтердің өзгерісі туралы он күн ішінде хабарлауға;
- 3) қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен корғалатын өзге де құпия болып табылатын ақпаратты жария етпеуге;
- 4) Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына және Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық актілеріне сәйкес өзге міндеттерді атқаруға міндетті.

## 8-бап.

### Қоғамның басқару органдары

8.1. Қоғам органдары болып табылады:

1) Жоғарғы орган – Акционерлердің жалпы жиналысы (егер Қоғамның барлық дауыс беретін акциялары бір акционерге тиесілі болса – осы акционер);

2) Басқару органы – Директорлар кеңесі;

3) атқарушы орган – Президент №

8.2. Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Қоғамда бақылау органы – ішкі аудит қызметі құрылуы мүмкін.

8.3. Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе Қоғамның ішкі құжаттарында көзделген жағдайда, Қоғамның басқа да органдары құрылуы мүмкін.

## 9-бап.

### Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы

9.1. Акционерлердің Жалпы жиналыстары жылдық және кезектен тыс болып бөлінеді. Қоғам жыл сайын акционерлердің жылдық жалпы жиналысын өткізуге міндетті. Акционерлердің өзге Жалпы жиналыстары кезектен тыс болып табылады.

9.2. Акционерлердің жылдық Жалпы жиналысы қаржы жылы аяқталғаннан кейін бес айдың ішінде өткізілуі қажет. Есепті кезең ішінде қоғамның аудитін аяқтау мүмкін болмаған жағдайда аталған мерзім үш айға дейін ұзартылған болып саналады.

9.3. Акционерлер жалпы жиналысының айрықша құзыретіне келесі мәселелер жатады:

1) Қоғамның Жарғысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;

2) Корпоративтік басқару Кодексін бекіту, сондай-ақ оған өзгертулер мен толықтырулар енгізу;

3) Қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;

4) Қоғамның жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе Қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;

5) Қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау тәртібі мен шарттарын белгілеу, сондай-ақ оларды өзгертуді айқындау;

6) Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын, бағалы қағаздарды шығару туралы шешімдерді қабылдау;

7) орналастырылған акциялардың бір түрін акциялардың басқа түріне айырбастау туралы шешім қабылдау, осындай айырбастаудың тәртібі мен шарттарын белгілеу;

8) есеп комиссияның сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және мерзімнен бұрын өкілеттіктерін тоқтату;

9) Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және мерзімнен бұрын өкілеттіктерін тоқтату, сонымен қатар олардың өз міндеттерін орындағандары үшін Директорлар кеңесі мүшелеріне төленетін сыйақылардың және шығындар өтемінің мөлшері мен оны төлеудің шарттарын белгілеу;

10) Қоғамның аудитін жүргізетін аудиторлық ұйымды анықтау;

11) Қоғамның жылдық қаржы есептілігін бекіту;

12) Қоғамның есепті қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және жыл қорытындылары бойынша қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту;

13) Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау;

14) Қоғам акциясын ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;

15) Қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан көп пайызын құрайтын сомадағы активтердің бір немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы Қоғамның өзге де заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы не өзге де заңды тұлғалардың қатысушылары (акционерлері) құрамынан шығуы туралы шешім қабылдау;

16) Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру туралы Қоғамның акционерлерге хабарлау нысанын белгілеу және ондай хабарламаны бұқаралық ақпарат құралдарында орнықтыру туралы шешім қабылдау;

17) Қоғам акцияларды Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына сәйкес ұйымдастырылмаған нарықта сатып алған жағдайда олардың құнын белгілеу әдістемесіне өзгерістер бекіту (егер ол құрылтай жиналысында бекітілмесе, әдістемені бекіту);

18) Акционерлер Жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;

19) «алтын акцияны» енгізу және оның күшін жою;

20) шешімдерді қабылдау Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңымен және (немесе) Қоғамның Жарғысымен акционерлердің Жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер.

9.4. Жарғының 9.3. тармағының 2)-4) және 17) тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша Акционерлер жалпы жиналысының шешімдері Қоғамның дауыс беретін акцияларының айқын басым көпшілігімен қабылданады.

Егер Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңымен басқасы белгіленбесе, Акционерлер жалпы жиналысының өзге мәселелер бойынша шешімдері дауыс беруге қатысып отырған Қоғамның дауыс беретін акцияларының жай көпшілік дауыстарымен қабылданады.

9.5. Шешім қабылдау Акционерлер жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді, егер Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғам туралы» Заңымен және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен өзге нәрсе қарастырылмаса, Қоғамның басқа органдарының, лауазымды тұлғаларының және жұмыскерлерінің құзыретіне табыстау рұқсат етілмейді.

9.6. Акционерлердің жалпы жиналысы Қоғамның ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша Қоғамның өзге органдарымен қабылданған кез келген шешімнің күшін жоюға құқылы.

9.7. Акционерлердің жылдық Жалпы жиналысы директорлар Кеңесімен шақырылады.

9.8. Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің немесе Ірі акционердің бастамасымен шақырылады.

9.9. Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және онда дауыс беруге құқылы акционерлердің тізімі Қоғам акцияларын ұстаушылары реестр жүйесінің деректері негізінде Қоғам тіркеушісімен құрастырылады. Аталған тізімді құрастырудың күні жалпы жиналысты өткізу туралы шешім қабылданған күннен ерте белгіленбейді.

Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және онда дауыс беруге құқылы акционерлердің тізімін құрастырғаннан кейін осы тізімге енгізген тұлға оған тиесілі дауыс беретін Қоғам акцияларын шеттетсе, Акционерлер жалпы жиналысына қатысу құқығы жаңа акционерге өтеді. Бұл жағдайда акцияға меншік құқығын растайтын құжаттар ұсынылуы қажет.

9.10. Акционерлер жалпы жиналыстың жуырда өткізілетіні туралы отыз күнтізбелік күннен, ал сырттай немесе аралас дауыс беру кезінде жиналысты өткізетін мерзімге дейін қырық бес күнтізбелік күннен кешіктірілмей құлақдар болуы қажет.

9.11. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануы немесе оларға жіберілуі қажет. Егер Қоғам акционерлерінің саны елу акционерден аспайтын болса, хабарлама акционердің назарына оған жазбаша хабарлама жіберу арқылы жеткізілуі қажет.

Қоғам акционерлерінің Жалпы жиналысын өткізу туралы хабарламада Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңымен анықталған мәліметтердің тізбесі көрсетілуі қажет.

9.12. Акционерлердің Жалпы жиналысын қайталап өткізуді акционерлердің бастапқы (болмай қалған) Жалпы жиналысы белгіленген күннің ертесінен ерте тағайындала алмайды.

Акционерлердің қайталап өткізілетін Жалпы жиналысы акционерлердің болмай қалған жалпы жиналысы белгіленген жерінде өткізілуі тиіс. Акционерлердің қайталап өткізілетін Жалпы жиналысының күн тәртібі акционерлердің болмай қалған Жалпы жиналыстың күн тәртібінен ерекшеленбеуі керек.

9.13. Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібі Директорлар кеңесімен құрастырылады және ол қарастыруға шығарылатын мәселелердің нақты тұжырымдалған тізімінен құралуы керек.

Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі толықтырылатыны Қоғам акционерлеріне Жалпы жиналыс өткізілетін күнге дейін он бес күннен кешіктірілмей немесе осы Жарғының 9.14. тармағымен белгіленген тәртәппен хабарланған жағдайда, Ірі акционер немесе Директорлар кеңесі күн тәртібін толықтыруы мүмкін.

9.14. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту қоғамның жиналыста өкілдік еткен дауыс беретін акцияларының жалпы санының көпшілік даусымен жүзеге асырылады.

Егер күн тәртібіне өзгертулер мен толықтыруларды енгізу үшін Акционерлердің жалпы жиналысына қатысып отырған және Қоғамның дауыс беру акцияларының жиынтығында тоқсан бестен кем емес пайызын иеленетін акционерлердің (олардың өкілдерінің) көпшілігі дауыс берсе, онда күн тәртібіне өзгертулер және (немесе) толықтырулар енгізілуі мүмкін. Акционерлердің жалпы жиналысы сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдаған жағдайда, жиналыстың күн тәртібі өзгертілмейді және (немесе) толықтырылмайды.

9.15. Акционерлердің Жалпы жиналысы оның күн тәртібіне қойылмаған мәселелерді қарастыруға және олар бойынша шешімдер қабылдауға құқығы жоқ.

9.16. Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарда ол мәселелер бойынша орынды шешімдер қабылдау үшін қажетті ақпарат болуы керек. Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдардағы міндетті ақпараттың тізбесі Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңымен анықталады.

Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдары жиналысты өткізу күніне дейін он күннен кешіктірмей акционерлерді таныстыру үшін, Қоғамның атқарушы органының (Президентінің) орналасқан жері бойынша қолжетімді және дайын болуы керек, ал акционерлердің сұрау салулары бар болған кезде – оған сұрау салуды алған күннен бастап үш жұмыс күннің ішінде жіберілуі керек, құжаттардың көшірмелерін дайындау мен құжаттарды жеткізу шығындарын акционер көтереді.

9.17. Егер акционерлердің жалпы жиналысына қатысушыларды тіркеу аяқталған мерзімінде оған қатысуға және онда дауыс беру құқықтары бар, қоғамның дауыс беретін акцияларының жинақтап алғанда елу және одан да көп процентін иеленген акционерлер немесе олардың өкілдері тіркелсе, жиналыс күн тәртібіндегі мәселелерді қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы.

9.18. Акционерлердің өткізілмеген жалпы жиналысының орнына қайта өткізілетін жалпы жиналысы, егер:

1) кворумның болмау себебінен өткізілмеген акционерлердің Жалпы жиналысын шақырудың тәртібі сақталған жағдайда;

2) тіркеу аяқталатын уақытта онда қатысу үшін қоғамның дауыс беру акцияларының жинақтап алғанда қырық және одан да көп пайызын иеленетін акционерлер (немесе олардың өкілдері), сонымен қатар сырттай дауыс беретін акционерлер тіркелсе, күн тәртібіндегі мәселелерді қарастыруға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы.

9.19. Акционерлерге сырттай дауыс беру үшін бюллетендер жіберілген жағдайда, аталған бюллетендермен берілген және Қоғамның акционерлерінің Жалпы жиналысының

қатысушыларын тіркеу кезінде алған дауыстар кворумды анықтау және дауыс беру қорытындыларын жасау кезінде есепке алынады.

Акционерлердің Жалпы жиналысын сырттай дауыс беру арқылы өткізу кезінде кворум болмаған жағдайда Акционерлердің Жалпы жиналысы қайтадан өткізілмейді.

9.20. Егер Қоғам акционерлерінің саны жүз және одан көп болса, Есеп комиссиясы акционерлердің Жалпы жиналысында сайланады. Егер Қоғам акционерлерінің саны жүзден аз болса, онда Есеп комиссиясының қызметтері акционерлер Жалпы жиналысының хатшысымен жүргізіледі.

Акционерлердің Жалпы жиналысының шешімі бойынша есеп комиссиясының қызметтері Қоғам тіркеушісіне жүктелуі мүмкін.

Есеп комиссиясы кем дегенде үш мүшеден тұруы қажет. Есеп комиссиясының құрамына Қоғамның алқалы органының мүшелері, сондай-ақ Қоғамның Президенті кіре алмайды.

Есеп комиссиясының өкілеттіктері Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңымен анықталады.

9.21. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізудің тәртібі Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына, осы Жарғыға және Қоғамның ішкі қызметін реттейтін Қоғамның өзге құжаттарына сәйкес не болмаса тікелей акционерлердің Жалпы жиналысының шешімімен анықталады.

9.22. Жалпы жиналысқа Қоғамның акционерлері, сонымен қатар Директорлар кеңесімен, Қоғам Президентімен немесе Ірі акционермен шақырылған тұлғалар қатыса алады.

9.23. Акционерлер жалпы жиналысының шешімдер сырттай дауыс беруді жүргізу арқылы қабылдануы мүмкін. Сырттай дауыс беру акционерлердің Жалпы жиналысына қатысып отырған акционерлердің дауыс беруімен бірге (аралас дауыс беру), не болмаса акционерлердің Жалпы жиналысының отырысын өткізбей қолданылуы мүмкін.

9.24. Сырттай дауыс беруді өткізу кезінде бірінғай нысандағы дауыс беруге арналған бюллетендер акционерлердің тізіміне кірген тұлғаларға таратылады (жіберіледі).

Дауыс беруге арналған бюллетендер акционерлердің тізіміне кірген тұлғаларға акционерлердің Жалпы жиналыс отырысын өткізу күніне дейін қырық бес күннен кешіктірмей жіберіледі.

Сырттай дауыс беруге арналған бюллетендерде, Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдары туралы» Заңымен анықталған мәліметтер болуы керек.

9.25. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетенге акционер - жеке тұлға қол қояды және онда ол тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттар туралы мәліметтер көрсетілу керек.

Сырттай дауыс беруге арналған акционердің – заңды тұлғаның бюллетеніне оның басшысы қол қояды және заңды тұлғаның мөрімен куәландырылады (бар болса).

Акционер - жеке тұлғаның немесе акционер – заңды тұлғаның басшысының қолы және заңды тұлғаның мөрі (бар болса) жоқ бюллетень жарамсыз болып есептеледі.

Дауыстарды есептеуде акционерлердің бюллетенде анықталған дауыс берудің тәртібін сақтаған және дауыс берудің тек бір нұсқасы ғана белгіленген мәселелер бойынша дауыстар есептеледі.

Егер акционерлердің Жалпы жиналысын сырттай дауыс беру жолымен өткізген кезде тиісті түрде толтырылған бюллетеньдер барлық акционерлерден дауысты есептеудің тоқтатылған күніне дейін түскен болса, онда бұрынырақ күнмен дауысты есептеуге рұқсат етіледі, ол дауыс беру қорытындысы туралы хаттамада көрсетіледі.

Егер сырттай дауыс беру үшін бұдан бұрын бюллетень жіберген акционер, акционерлердің аралас дауыс беру Жалпы жиналысына қатысу және дауыс беру үшін келсе, оның бюллетені күн тәртібі мәселелері бойынша дауыстарды есептеу және акционерлердің Жалпы жиналысының кворумын анықтау кезінде есепке алынбайды.

9.26. Акционерлердің жалпы жиналысындағы дауыс беру:

1) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілермен қарастырылған жағдайларда бір акционерге ұсынылатын акциялар бойынша максималды дауыс санын шектеу;

2) Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлауда кумулятивтік дауыс беру;

3) Акционерлердің Жалпы жиналысында дауыс беруге құқылы тұлғаға Жалпы жиналысты өткізудің іс жүргізу мәселелері бойынша бір дауыстан беруді қоспағанда, «бір акция - бір дауыс» ұстанымы бойынша жүргізіледі.

9.27. Кумулятивтік дауыс беруде акциялар бойынша берілетін дауыстар акционермен Директорлар кеңесіне сайланатын толықтай бір үміткерге не болмаса Директорлар кеңесіне сайланатын бірнеше үміткерлер арасында үйлестірілуі мүмкін. Дауыстардың көпшілік санын жинаған үміткерлер Директорлар кеңесіне сайланған болып саналады.

9.28. Дауыс берудің қорытындылары бойынша есеп комиссиясы дауыс берудің қорытындылары туралы хаттаманы құрастырады және оған қол қояды. Дауыс берудің нәтижелері туралы хаттама акционерлердің Жалпы жиналысының хаттамасына тігіледі.

9.29. Дауыс берудің нәтижелері дауыс беру жүргізілген акционерлердің Жалпы жиналысында жарияланады. Дауыс берудің қорытындылары немесе сырттай дауыс берудің нәтижелері акционерлердің Жалпы жиналысы жабылғаннан кейін он бес күнтізбелік күннің ішінде акционерлерге баспа басылымдарында жариялау арқылы немесе әрбір акционерге жазбаша хабарландыруды жіберу арқылы хабарланады.

9.30. Акционерлердің Жалпы жиналысының хаттамасы жиналыс жабылғаннан кейін үш күннің ішінде құрастырылып, қол қойылу керек. Хаттамада көрсетілетін міндетті мәліметтердің тізбесі және оларға қол қоюдың тәртібі Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңымен анықталады.

9.31. Акционерлердің Жалпы жиналысының хаттамасы дауыс берудің қорытындылары жайлы хаттамамен, қатысуға және дауыс беруге құқық беретін сенімхаттармен, сонымен қатар хаттамаға қол қоюлармен немесе хаттамаға қол қоюдан бас тартудың себебі көрсетілген түсіндірмелермен бірге тігіледі. Аталған құжаттар Қоғамның Президентімен сақталуы керек және акционерлер танысу үшін оларға кез-келген уақытта ұсынылуы керек. Акционердің талабы бойынша оған акционерлердің Жалпы жиналысының хаттамасының көшірмесі беріледі.

9.32. Егер Қоғамның акцияларына барлық дауыс берушілер бір акционерге жататын болса, акционерлердің Жалпы жиналыстары өткізілмейді. Қазақстан Республикасының «Акционерлер туралы» Заңымен және (немесе) осы Жарғымен акционерлердің Жалпы жиналысының құзіретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер, мұндай акционермен жеке дара қабылданады және жазбаша түрде рәсімдеуге жатады.

9.33. Егер Қоғамның осы Жарғысының 9.32. тармағында көзделген жағдайда, Қоғамның дауыс беретін барлық акцияларын иеленуші акционер немесе тұлға заңды тұлға болып табылса, онда Қазақстан Республикасының «Акционерлер туралы» Заңымен және (немесе) осы Жарғымен акционерлердің Жалпы жиналысының құзіретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер Қазақстан Республикасының заңнамасына және заңды тұлғаның жарғысына сәйкес мұндай шешімдерді қабылдау құқы бар, заңды тұлғаның қызметкерлерімен немесе лауазымды тұлғаларымен қабылданады.

## 10-бап.

### Қоғамның директорлар кеңесі

10.1. Директорлар кеңесі – Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңымен және (немесе) Қоғам Жарғысымен акционерлердің Жалпы жиналысының айрықша құзіретіне жатқызылған мәселелерді шешуден басқа, Қоғамның қызметіне жалпы басшылықты жүргізетін Қоғамның органы.

10.2. Егер Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңында және (немесе) Қоғам Жарғысында өзгеше белгіленбесе, Қоғамның Директорлар кеңесінің айрықша құзіретіне келесі мәселелер жатады:

1) Қоғамның даму стратегиясының және Қоғам қызметінің басым бағытын анықтау немесе Қазақстан Республкасының заңнамалық актілерінде көзделген, жағдайларда Қоғамның даму жоспарын бекіту;

2) Қоғамның операция және қаржы саясатында негізгі бағыттарды өзгерту.

3) Акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдау;

4) Қоғамның акцияларын орналастыру (сату), сонымен қатар жарияланған акциялар шегінде орналастырылатын (сатылатын) акциялардың саны, орналастырудың (сатудың) әдісі және бағасы туралы шешім қабылдау;

5) Қоғаммен орналастырылған акцияларды және басқа да бағалы қағаздарды сатып алу туралы және оларды сатып алудың бағасы туралы шешім қабылдау;

6) Қоғамның жылдық қаржы есептілігін алдын ала бекіту;

7) Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережені бекіту;

8) Қоғамның облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару талаптарын айқындау, сондай-ақ оларды шығару туралы шешімдер қабылдау;

9) Қоғам Президентінің өкілеттік мерзімін анықтау;

10) Қоғам Президентін сайлау, сонымен қатар оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;

11) Президенттің қызметтік айлығының мөлшерін, еңбек және сыйақы беру шарттарын анықтау;

12) ішкі аудит қызметінің өкілеттік мерзімін, сандық құрамын, оның басшысын және мүшелерін тағайындауды, сондай-ақ олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуды, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің еңбек ақысының және сыйақысының мөлшерін және оларды төлеу шарттарын анықтау;

13) корпоративтік хатшыны тағайындау, өкілеттік мерзімін, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуды анықтау, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысының мөлшері мен сыйақы шарттарын анықтау;

14) қаржы аудиті үшін аудиторлық ұйым қызметтерінің, сондай-ақ Қоғам акцияларын төлеуге берілген немесе ірі мәміленің мәні болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау бойынша, бағалаушының төлем мөлшерін анықтау;

15) қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (бұған қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында атқарушы орган қабылдайтын құжаттар қосылмайды), оның ішінде аукциондар өткізу және қоғамның бағалы қағаздарына қол қою шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;

16) Қоғамның өкілдіктері мен филиалдарын құру және жабу туралы шешім қабылдау, сонымен қатар олар туралы ережені бекіту;

17) қоғамның басқа заңды тұлғалардың акцияларының он және одан да көп процентін (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) сатып алу (иелігінен шығару) туралы шешімдерін қабылдау;

18) акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлесінің) он және одан да көп проценті қоғамға тиесілі заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылатын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

19) қоғамның міндеттемелерін оның өзіндік капиталы мөлшерінің он және одан да көп пайызы болатын шамаға көбейту;

20) қоғам немесе оның қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын қызметі туралы ақпаратты айқындау;

21) ірі мәмілелер және жасалуына Қоғам мүдделі мәмілелер жасасу туралы шешімдер қабылдау;

22) Қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру және Қоғам қызметінің негізгі бағыттарын өзгерту туралы мәселелерді акционерлердің Жалпы жиналысының қарауына шығару;

23) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды анықтау туралы мәселені акционерлердің Жалпы жиналысының қарауына шығару;

24) Қазақстан Республикасы заңнамасымен және Қоғам жарғысымен қарастырылған және акционерлердің Жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылмаған өзге мәселелер.

10.3. Қоғамның Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелер Президенттің шешуіне берілмейді.

10.4. Директорлар кеңесі Қоғам Жарғысына сәйкес Президенттің құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешім қабылдауға, сонымен қатар Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдеріне қайшы келетін шешімдерді қабылдауға құқығы жоқ.

Директорлар кеңесі міндетті:

1) акционерлер мен лауазымды тұлғалар деңгейінде әлеуетті жанжалдарды, соның ішінде мәміле жасау кезінде, мүдделігі бар, Қоғам мүлігін заңсыз пайдалану мен қасақылықты қадағалауға және мүмкіншілігінше жоюға;

2) Қоғамдағы корпоративтік басқарудың тиімділігіне бақылауды жүзеге асыруға.

10.5. Директорлар кеңесінің мүшесі тек жеке тұлға ғана бола алады.

Директорлар кеңесінің мүшесі Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына және (немесе) осы Жарғыға сәйкес оған артылған қызметтерді орындауды өзге тұлғаларға беруге құқы жоқ.

10.6. Директорлар кеңесінің мүшелері мыналардың арасынан сайланады:

1) акционерлер – жеке тұлғалар;

2) акционерлер мүдделерін танытушы ретінде Директорлар кеңесіне сайлауға ұсынылған тұлғалар;

3) акционер өкілі ретінде Директорлар кеңесіне сайлауға ұсынылмаған және Қоғамның акционері болып табылмайтын, жеке тұлғалар.

10.7. Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау, Директорлар кеңесінің бір орнына бір үміткер сайлауға түскен жағдайды қоспағанда, дауыс беру үшін бюллетеньдерді қолданумен кумулятивті дауыс беру арқылы жүргізіледі. Кумулятивті дауыс беру, Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңында белгіленген, талаптарға сәйкес болуы керек.

Акционер оған тиесілі акциялар бойынша дауыстарды Директорлар кеңесіне сайланатын бір үміткерге толығымен бере алады немесе бірнеше үміткерлер арасында үйлестіре алады. Көп дауыс санын жинаған үміткерлер Директорлар кеңесіне сайланған болып саналады. Директорлар кеңесіне сайланған бір немесе бірнеше үміткер бірдей дауыс санын жинаса, онда бұл кандидаттарға қатысты үміткерлер көрсетілген кумулятивті дауыс беру бюллетеньдерін акционерлерге беру арқылы қосымша кумулятивті дауыс беру жүргізіледі.

10.8. Президент Директорлар кеңесіне сайлана алады. Президент Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлана алмайды.

10.9. Директорлар кеңесінің сандық құрамы үш адамнан көп болмауы қажет. Директорлар кеңесі мүшелерінің отыз пайызынан кем емес тәуелсіз директорлар болуы тиіс.

Директорлар кеңесінің құрамына сайланатын тұлғаларға қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленеді.

10.10. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен өзге нәрсе қарастырылмаса, Директорлар кеңесіне сайланған тұлғалар шектелмеген ретте бірнеше рет сайлануы мүмкін.

10.11. Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі Акционерлердің жалпы жиналысымен белгіленеді.

